

2022 жылы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізілген іс-шаралар бойынша есеп

2022 жылы «БЖЗҚ» АҚ-да сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша келесі іс-шаралар өтті:

1. «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 28 қазандағы №10 шешімімен (бұдан әрі – Шешім) «БЖЗҚ» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) құрылды, Басқарма «БЖЗҚ» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімше болып табылады және «БЖЗҚ» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) бекітілді. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасы 2020 жылғы 30 желтоқсанда бекіткен Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың 8-тармағына сәйкес Шешімнен үзінділердің және Ереженің көшірмелері 07.11.2022 жылы «БЖЗҚ» АҚ интернет-ресурсына орналастырылды.

Бұдан бұрын «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының шешімімен «БЖЗҚ» АҚ комплаенс қызметінің (соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс) функциясы Сапаны бақылау басқармасына жүктелген болатын (Басқарманың 2021 жылғы 26 мамырдағы №35 хаттамасы); бұдан әрі Директорлар кеңесінің шешімімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің функциясын орындаушы қызметкер ретінде БЖЗҚ Корпоративтік хатшысы А. Байжуман анықталды (2022 жылғы 29 наурыздағы №1 хаттама).

2. 2022 жылғы 13 маусымнан бастап 2022 жылғы 24 маусымға дейінгі кезеңде «ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасы. «БЖЗҚ» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының талаптары» тақырыбында қызметкерлерге қашықтан оқыту ұйымдастырылды және өткізілді.

2022 жылғы 14 желтоқсаннан бастап 2022 жылғы 23 желтоқсанға дейінгі кезеңде «БЖЗҚ» АҚ-да мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдармен «БЖЗҚ» АҚ-да Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар» тақырыбында вебинар және бейне-конференц байланыс форматында оқыту ұйымдастырылды және өткізілді.

3. «БЖЗҚ» АҚ интернет-ресурсында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызмет туралы арнайы бөлім ұйымдастырылған және жұмыс істейді, онда негізінен сыбайлас жемқорлық, алаяқтық, «БЖЗҚ» АҚ қызметкерлерінің Корпоративтік әдеп кодексінің талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлау үшін арналар мен байланыс құралдарының деректемелері орналастырылған.

4. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 11-бабына сәйкес «БЖЗҚ» АҚ-да мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар 2022 жылғы 15 қыркүйектен кешіктірілмейтін мерзімде активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны (мемлекеттік немесе оларға

теңестірілген функцияларды орындауға байланысты лауазымға кандидаттар), кірістер және мүлік туралы декларацияны тапсырды.

5. «БЖЗҚ» АҚ-да мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 12-бабында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісімге қол қойып, «БЖЗҚ» АҚ-ға ұсынды.

6. «БЖЗҚ» АҚ интернет-ресурсында деректемелері орналастырылған байланыс арналары мен құралдарына «БЖЗҚ» АҚ лауазымды тұлғалары, қызметкерлері жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарламалар түскен жоқ.

«БЖЗҚ» АҚ-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін іске асыру фактілері анықталған жоқ, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау жағдайлары, «БЖЗҚ» АҚ лауазымды адамдары мен қызметкерлерін қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа тарту жағдайлары, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері бойынша олардың қатысуымен сот талқылауларын жүргізу жағдайлары болған жоқ.

7. 2022 жылғы 12 желтоқсаннан бастап 2022 жылғы 26 желтоқсанға дейінгі кезеңде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптық мониторинг жүргізілді, оның нәтижелері 2022 жылғы 30 желтоқсандағы шығыс №25-07/4374 хатпен «Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Алматы қаласы бойынша департаменті» РММ-ге жіберілді.

8. Азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде сатып алу туралы шарттарға, шарт тараптарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, іскерлік әдеп және әдептілік нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын (бұдан әрі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе) міндетті түрде сақтауын көздейтін ережелерді қосуды қамтамасыз ету мақсатында Басқарманың 2022 жылғы 13 желтоқсандағы № 92 шешімімен «БЖЗҚ» АҚ-да азаматтық-құқықтық шарттарды / келісімдерді әзірлеу, келісу, қол қою, тіркеу және бұзу және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар бекітілді, сондай-ақ сатып алу туралы жасалатын/өзгертілетін шарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде.

«БЖЗҚ» АҚ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасы